

Қылмыстық құқық (жалпы бөлім)

3-тақырып

Қылмыстық құқық бұзушылық түсінігі мен
белгілері. Қылмыс санаттары.

ДАЙЫНДАҒАН : PhD РАХИМОВА ГАККУ НУРЛАНОВНА

Жоспары:

- ▶ Қылмыстық құқық бұзушылықтардың ұғымы мен белгілері
- ▶ Қылмыстық құқық бұзушылықтардың түрлері
- ▶ Қылмыс және басқа да құқық бұзушылықтар
- ▶ Қылмыс санаттары

Қылмыстық құқық бұзушылықтар қоғамға қауіптілік және жазаланушылық дәрежесіне қарай

қылмыстар және қылмыстық теріс қылықтар болып бөлінеді.

Жазалау қатерімен тыйым салынған айыптының қоғамға қауіпті әрекет (іс-әрекет немесе әрекетсіздік) жасауы (ҚР ҚК-нің 9-бабы).

ҚЫЛМЫС

- ▶ ҚР Қылмыстық Кодексінде айыппұл салу, түзеу жұмыстары, бас бостандығын шектеу, бас бостандығынан айыру түріндегі жазалау қатерімен тыйым салынған айыпты жасалған, қоғамға қауіпті іс-әрекет (әрекет немесе әрекетсіздік) деп танылады.

Қылмыстық теріс қылық

- ▶ Қоғамға зор қауіп төндірмейтін, болмашы зиян келтірген не адамның жеке басына, ұйымға, қоғамға немесе мемлекетке зиян келтіру қатерін туғызған, оны жасағаны үшін айыппұл салу, түзеу жұмыстары, қоғамдық жұмыстарға тарту, қамаққа алу түріндегі жаза көзделген, айыпты жасалған іс-әрекет (әрекет не әрекетсіздік) танылады.

Қылмыстың келесідей белгілері бар:

- ▶ Қылмыстың бірінші белгісі оның қоғамға қауіптілігі. Қоғамға қауіптілік қылмыстың негізгі материалдық белгісі және қандай да бір әрекетті қылмыс деп танудың негізі болып табылады.
- ▶ Қылмыстың екінші белгісі - қылмыстық құқыққа қайшылық, яғни белгілі бір әрекетпен қылмыстық норманы бұзу. Құқыққа қайшылық қылмыстың формальды белгісі.
- ▶ Қылмыстың келесі белгісі — кінәлілік.
- ▶ Жазаланушылық - қылмыстың соңғы белгісін құрайды. Қол сұғушылықтың топтық объектісіне қарай қылмыстар он сегіз топқа бөлінеді (ҚРҚК ерекше бөлігі)

Қылмысық құқық бұзушылықтардың түрлері

► Қол сұғушылықтың топтық объектісіне қарай қылмысық құқық бұзушылықтар он сегіз топқа бөледі:

- Жеке адамға қарсы қылмыстық құқық бұзушылықтар.
- Отбасына және кәмелетке толмағандарға қарсы қылмыстық құқық бұзушылықтар.
- Адамның және азаматтың конституциялық және өзге де құқықтары мен бостандықтарына қарсы қылмыстық құқық бұзушылықтар.
- Бейбітшілікке және адамзат қауіпсіздігіне қарсы қылмыстар.
- Мемлекеттің конституциялық құрылысының негіздеріне және қауіпсіздігіне қарсы қылмыстық құқық бұзушылықтар.
- Меншікке қарсы қылмыстық құқық бұзушылықтар.
- Ақпараттандыру және байланыс саласындағы қылмыстық құқық бұзушылықтар.
- Экономикалық қызмет саласындағы қылмыстық құқық бұзушылықтар.
- Коммерциялық және өзге де ұйымдардағы қызмет мүдделеріне қарсы қылмыстық құқық бұзушылықтар.
- Қоғамдық қауіпсіздікке және қоғамдық тәртіпке қарсы қылмыстық құқық бұзушылықтар.
- Халық денсаулығына және имандылыққа қарсы қылмыстық құқық бұзушылықтар.
- Медициналық қылмыстық құқық бұзушылықтар
- Экологиялық қылмыстық құқық бұзушылықтар.
- Көліктегі қылмыстық құқық бұзушылықтар.
- Мемлекеттік қызмет пен мемлекеттік басқару мүдделеріне қарсы сыбайлас жемқорлық және өзге де қылмыстық құқық бұзушылықтар.
- Басқару тәртібіне қарсы қылмыстық құқық бұзушылықтар.
- Сот төрелігіне және жазалардың орындалу тәртібіне қарсы қылмыстық құқық бұзушылықтар.
- Әскери қылмыстық құқық бұзушылықтар.

Қоғамға қауіптілік сипаты біртекті
қылмыстарды қоғамға қауіптілік дәрежесіне
қарай үш түрге бөледі:

- ▶ Жай қылмыстар (ҚК 99-бабының 1-бөлігі),
- ▶ Сараланған немесе ауырлатылған қылмыстар (ҚК 99-бабының 2-бөлігі);
- ▶ Жеңілдетілген қылмыстар (ҚК 100-103-баптары).

Қылмыстың қоғамға қауіпті сипаты мен дәрежесіне қарай оларды төрт санатқа бөледі:

- ▶ Ауырлығы онша емес қылмыстар,
- ▶ Ауырлығы орташа қылмыстар;
- ▶ Ауыр қылмыстар;
- ▶ Аса ауыр қылмыстар.

Кінәнің нысаны бойынша қылмыстарды екі түрге бөледі:

- ▶ Абайсыз қылмыстар,
- ▶ Қасақана қылмыстар.

Қылмыс санаттары (ҚК 11 бап)



Онша ауыр емес қылмыстар

- ▶ жасалғаны үшін Қылмыстық Кодексте көзделген ең ауыр жаза **екі жылға** бас бостандығынан айырудан аспайтын қасақана жасалған әрекет, сондай-ақ жасалғаны үшін осы Кодексте көзделген ең ауыр жаза **бес жылға** бас бостандығынан айырудан аспайтын абайсызда жасалған әрекет танылады.

Ауырлығы орташа қылмыстар

- ▶ Жасалғаны үшін Қылмыстық Кодексте көзделген ең ауыр жаза **бес жылға** бас бостандығынан айырудан аспайтын қасақана жасалған әрекет, сондай-ақ жасалғаны үшін **бес жылдан астам** мерзімге бас бостандығынан айыру түріндегі жаза көзделген абайсызда жасалған әрекет танылады.

Ауыр қылмыс

- ▶ жасалғаны үшін Қылмыстық Кодексте көзделген ең ауыр жаза **он екі жылға** бас бостандығынан айырудан аспайтын қасақана жасалған әрекет танылады.

Аса ауыр қылмыс

- ▶ Жасалғаны үшін Қылмыстық Кодексте он екі жылдан астам мерзімге бас бостандығынан айыру түріндегі жаза көзделген қасақана жасалған әрекет танылады.

Назарларыңызға рақмет!

